**АҚБББ «ІТ мектеп-лицей»КММ-сі әлеуметтік педагогтың 2023-2024оқу жылында жүргізілген жұмысы туралы**

**Ақпарлама**

2023-2024 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Тамыз және қыркүйек айында.«Жалпыға міндетті білім беру қорынан» бөлінетін қаржылай және материалдық көмек жайлы ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың құжаттары жинақталды. 2023-2024 оқу жылында әр оқушыға 40 000 теңгеден бөлінді. Оқушылардың әлеуметтік жағдайы 5 категория негізінде қаралды. Осыған сәйкес барлығы 92 оқушыға көмек көрсетілді. Қазіргі танда осы балалар ыстық тамақпен қамтылды.

Қамқоршылықтағы, қорғаншылықтағы оқушылардың тұрмысын тексеру барысында, 14-қыркүйекте тексеру жұмыстары жүргізілді. Арыстанқызы Айгерімнің үйіне сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, мектеп психологі және тәрбие жөніндегі маманмен бірге бардық. Айгерімнің үй іші өте жақсы қарсы алды. Айгерімнің жеке бөлмесінде сабағын дайындап жатырды. 20.10.2023ж Республика күні мерекесіне орай АҚБББ «ІТ мектеп –лицей» Қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. «Жанашыр жүрек» акциясын өткізу бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, 9-10сыныптар «Жүректен-жүрекке »

Қайрымдылық жәрмеңке өткізді. Жәрмеңкеден түскен қаражатқа үйден оқитын 3 оқушыға және қорғаншылықтағы бір оқушыға тәттілерден козинка жинақтап қуаныш сыйлады. **Шараның мақсаты:** оқушыларға рухани тәлім беру, ұлт жандылыққа тәрбиелеу. Шараға жоғары сынып оқушылары және сынып жетекшілер қатысты. Бүгінгі шара ақсақалдармен оқушылар арасында пікір алмасу бағытында өткізілді. Оқушылар ақсақалдарға түрлі бағатта сұрақтар қойып, өз жауаптарын тапты.

Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

Мектепішілік есепте тұрғандар – 4.

Тәуекел топтағы оқушылар – 3.

Қалалық ІІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен, мектеп психологі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірге «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Отбасылық жағдайына байланысты сабақтан себепсіз қалатын оқушылардың үйлеріне тексеру жұмыстары жүргізілді. Тексеріс барысында 4-үйге тексеріс жүргізілді. Тексеріске әр оқушының сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, мектеп психологі және мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасары барды.

АҚБББ «IT мектеп –лицейде жылдық  іс-шаралар жоспарына сәйкес «Жақсылық жасау өз қолыңда» атты акция өткізілді. Акцияға мектеп мұғалімдері бір ауыздан ат салысты. «Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің»- деген екен дана халық. Қайырымдылық халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды. Осы мақсатта аз қамтылған 2 оқушыға көмек берілді. мектебімізде «Қайырымдылық» жәрмеңкесі өткізілді.  Жәрмеңкеден түскен қаражат есебінен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар жаңа жылдық сыйлықтармен қамтамасыз етілді.

| | Саны (оқушы) | Сомасы (теңге) |
|---|---|---|
| Қаржылай көмек алғандар | 1 | 30 000теңге |
| Жаңа жылдық тәтті сыйлықтармен қамтамасыз етілгендер | 82 | 287 000теңге |
| Жалпы | 83 | 317 000теңге |

Қалалық білім бөлімінің бөлініс шегіне сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшелерінің шешіміне сәйкес 3 оқушы қала әкімінің және президент атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға жіберілді.

Қалалық білім бөлімінің бөлініс шегіне сәйкес Қамқоршылық кеңес мүшелерінің шешіміне сәйкес 3 оқушы қала әкімінің және президент атынан ұйымдастырылатын жаңа жылдық шыршаға жіберілді.Маңғыстау облыстық жаңа жылдық шыршаға мектебімізден 2оқушы қатысты.

3.02.2024ж.  АҚБББ «IT мектеп –лицейде «Тәрбиесі темірдец әкенің орны бір бөлек» тақырыбында мектепішілік VI Әкелер форумы болып өтті. **Мақсаты:**

- Отбасының қарым-қатынасындағы сенімділікті және сыйластықты қалыптастыру;
- Бала тәрбиесіндегі Әкенің рөлі ерекше екендігін түсіндіру;

Әкелер форымының ашылу салтанатында алғашқы сөз кезегі мектеп басшысы  Батырова Анжела Сьезовна берілді. Басшымыз бала тәрбиесі әке рөлінің маңыздылықтарын атап өтті. Мектеп өмірінде жақсы оқып, спорт, өнер саласында мектеп оқушыларына демеушілік көрсеткен әкелер марапатталды. Форм барысында әкелерге арнайы түсірілген «Әкеге алғыс» бейнеролигі және «Әке мен сенің 1 сағат уақытынды сатып алайынша» бейнеролигі көрсетіліп, талқыға салынды. Әкелер бейнеролик тамашалау арқылы алған әсерлерімен бөлісті.Әкелер мен белсенді ауыл ақсақалдары маңызды мәселерлерді талқылады.

Мектебіміздің директордың орынбасары Сулейменова Айнур  балалардың тәрбиесіндегі әке рөлінің маңыздылығын атап өтті.

2024жылы 5.06.-16.06 күндері аралығында қала мектептері жанындағы «Күн шуақ» лагеріне 1сыныппен 4сынып аралығындағы оқушылардан 120 оқушы қатысты. Қорғаншылықта жартылай жетім, аз қамтылған отбасының балалары, көп балалы отбасының балалары қамтылды.**«Жаздық жолдама»** Ақтау қаласындағы «Балдаурен» оқу сауықтыру лагеріне 8 оқушы тынығып

келді. Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагоностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «**Өмірге «Иә» деп айт** тақырыбында мектеп психологтарымен бірлесе отырып іс-шаралар өткізу, «Денсаулық зор байлық» тақырыбында 7 сынып оқушыларына сабақ өткізу, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.







***Өмірге «Иә» деп айт** тақырыбындағы іс-шара*






***7 сынып оқушыларына өткізілген «Денсаулық зор байлық» тақырыбындағы сабақ***

Әлеуметтік педагог Оралбаева С.Қ.